«Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК

«Бекетімін»
«Алматы қаласы
музейлер бірлестігі»
КМҚК директоры
Сағындықова Л.Қ.
_____
«___» _____ 2025 ж.

ҚОР САТЫП АЛУ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫНЫҢ № 4 ХАТТАМАСЫ

30 желтоқсан 2025 ж.

Комиссия төрағасы: Р.Қайратұлы – ғылым жөніндегі директордың орынбасары;
Комиссия мүшелері:

- **Р.О. Турсумбекова** – бас қор сақтаушы;
- **Л.У.Абекова –** қор сақтау және есепке алу бөлімінің жетекшісі;
- **К.Б.Джиеналиева -** Алматы музейінің жетекшісі;
- **А.С.Хожамуратова** – көрме және бұқаралық жұмыс бөлімінің жетекшісі;
- **М.М.Нурпеисов** – ғылыми-зерттеу бөлімінің аға ғылыми қызметкері;
- **Н.Ж.Бектұрсынов –** қор сақтау және есепке алу бөлімінің реставраторы;

Комиссия хатшысы - Э.К. Онайбекова – Алматы музейінің қор сақтаушысы.

Күн тәртібі:

«Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК қор коллекцияларын толықтыру мақсатында сатып алынуға ұсынылған заттарды бағалау.

Р.О. Турсумбекова - Бүгінгі отырысымызда ақылы негізде тапсырылып отырған «Райымбек батыр» музей кешенінің алдағы жылы ашылуына байланысты қор коллекциясын толықтыру мақсатында алынатын материалдарды саралап, мәдени, экспозициялық құндылығын зерделей отырып, бағасын талқылауға саламыз. Өткізілген заттарға рәсімделген сараптау комиссиясының қорытынды мен арнайы компания ұсынған бағалау құнын қарап, ондағы заттардың сипаттамасы және жалпы жай-күйімен танысып отырыңыздар. Аталған заттарды мұқият қарап, өз пікірлеріңізді ортаға салуларыңыз сұралады.

І.ТЫҢДАЛДЫ:

Р.О. Турсумбекова – Сіздердің назарларыңызға ЖК «Enterprice Prodoct of Oracle» ұсынып отырған қазақ халқының тұрмысында кеңінен қолданылған бұйым – келі-келсап. Келі мен келсап – тары, бидай, т.б. дәнді дақылдарды түйетін, ұнтақтайтын қатты ағаштан жасалған құрал. Цилиндр пішінді. Шамамен XIX ғасыр аяғы және XX басында Оңтүстік Қазақстан облысында жасалған, шебері белгісіз.

Барлығы: 1 атаулы бұйым (2 сақтау бірлігі) иесінің сұрап отырған жалпы бағасы **508 000 (бес жүз сегіз мың) теңгені** құрайды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Р.Қайратұлы: Біздің алдағы мақсатымыздың бірі «Райымбек батыр» музей кешенінің экспозициясын құру кезінде қажет материалдарды жинақтау болып отыр. Осыған орай ұсынылып отырған қазақ халқының күнделікті тұрмыс тіршілінде кеңінен қолданған, тұтас

ағаштан оймыштау арқылы жасалған келі мен келсап. Жақсы жасалған, иесінің сұрап отырған бағасы орынды.

М.М.Нурпеисов: Біздің негізгі мақсатымыз тарихи мұраны сақтау және Райымбек батырдай ұлы қолбасшысына арналған заманауи музей кеңістігін құру. Комиссия мүшелерінің назарына ұсынылып отырған материалдар құнды, маңызды деп айта аламын. Музей кешенің қорын толықтырары сөзсіз, экспозицияда өз орнын табады деп ойлаймын.

Н.Ж.Бектұрсынов: Ұсынылып отырған бұйымдар «Райымбек батыр» музей кешені үшін маңызды. Келі бір тұтас ағаш діңінен іші қуысталып, ойылып жасалған екен. Формасы цилиндрге ұқсайды. Аузы кең. Жалпы алғанда сақталуы жақсы, кей жерлері жарылған екен, сәл кірленген. Қайта қалпына келтіруге болады, тазартып және жарылған жерлеріне ағаш жантақтарын сала отырып жасауға болады. Иесінің сұрап отырған бағасынан 500 мыңға алайық.

Л.Ұ. Абекова: Бұйымдар көне, ескі, құнды. Осындай бұйымдар қазіргі кезде жоқтың қасы, табыла бермейді. Келі жақсы жасалған, жарылып кетпеуі үшін жоғарғы және төменгі бөліктерін қайыспен ораған. Келсап ұзынша цилиндр тәрізді, ұшына қарай жіңішке етіп жасалған, ортасында қолмен ұстайтын бөлігі бар екен. Аталған материалдар дәл қажет кезінде ұсынылып отыр деген ойдамын. Бағасына келсек, иесінің сұрап отырған бағасы нарықтағы бағаға шамалас.

А.С.Хожамуратова Мен жоғарыда айтылған әріптестерімнің пікірлерімен келісемін. Қазақ халқына тиесілі, жылдар бойы қолданылған керемет, құнды, бірегей бұйымдар ұсынылып отыр. Жасалған ағашы мықты, формасы әдемі, қолдануға ыңғайлы. Бағасымен келісемін.

К.Б.Джиеналиева: Бұйымға иесінің сұрап отырған бағасы тиімді, орынды, әріптестерімнің пікірлерімен келісемін.

Р.О. Турсумбекова: Қазақ халқының дәстүрі мен мәдениеті, этнографиясы мен тарихына байланысты ұсынылып отырған музейлік мәні бар заттардың тарихи, көркемдік, әрі музейлік құндылығы жоғары деп санаймын. Райымбек батыр музей кешені экспозициясын құру барысында қазақ этнографиясы, ұстахананың, батырдың сауыт саймандары сияқты бөлек зал немесе бұрыш арнап, сол жерге қажетті материалдар қойылса. Сол бұрышқа тақырыбына сай осы келі-келсап келеді. Келі мен келсапты ұсынылған бағаға алуға келісемін. Комиссия мүшелері ұсынылып отырған төмендегі заттарды төмендегідей бағамен сатып алуға келісті.

Барлығы: 1 атаулы бұйым (2 сақтау бірлігі) жалпы сомасы **500 000 (бес жүз мың) теңгені** құрайды.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Комиссия шешімімен көпшілік дауыспен музейлік мәні бар заттардың 1 атаулы бұйым (2 сақтау бірлігі) сатып алынып, негізгі қорға қабылдансын.
2. Қорға сатып алуға ұйғарылған заттарға қатысты комиссия мүшелері белгілеген бағалар заттардың иесіне таныстырылсын.

Алматы қаласы музейлер бірлестігінің қор сатып алу комиссиясының № 4 хаттама музейлік маңызы бар сомасы **500000** (бес жүз мың) теңгеге 1 атаулы (2 сақтау бірлігі) бұйым музей қорына қабылдансын.

Қолдар:

Комиссия төрағасы: Р.Қайратұлы

Комиссия мүшелері: Р.О. Турсумбекова
Л.Л.Абекова
К.Б.Джиеналиева
А.С.Хожамұратова
М.М.Нурпеисов
Н.Ж.Бектұрсынов

Хатшы: Э.К. Онайбекова